



**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ЖӘНЕ ТҮРІК ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ
ҒЫЛЫМИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» КеАҚ атынан Басқарма Төрағасы - Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев бір жағынан және Түрік Ғылым Академиясы атынан Президенті Шекер Музаффер екінші жағынан, бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастық екіжақты қатынастарының негіздерінің бірі екендігіне және бұл олардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін және сәтті интеграцияға ықпал ететін негізгі элемент болып табылатынына сенім артып,

ынтымақтастықтың келесі негізгі принциптері туралы келісімге келді:


1-бап. Жалпы

Осы Меморандум ғылыми зерттеулер саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың шарттарын реттейді, оның шеңберінде Тараптар жұмысты жалғастыруға ниет білдіреді.

Тараптар ғылыми зерттеулер саласында өзара тиімді негізде ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жүзеге асыруға ниетті.

2-бап. Ғылыми зерттеулер

Тараптар гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулердің маңыздылығын атап өтеді. Тараптар қазіргі уақытта да, болашақта да ғылыми қызметті жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін кез келген қолайлы мүмкіндіктерді пайдалану қажет деп санайды. Ол үшін:



**MEMORANDUM
ON SCIENTIFIC COOPERATION
BETWEEN THE "AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY" NJSC AND
THE TURKISH ACADEMY OF
SCIENCES**

"Al-Farabi Kazakh National University" NJSC, represented by the Chairman of the Board - Rector, Zhanseit Kanseituly Tuimebayev, on the one hand, and the Turkish Academy of Sciences, represented by the President, Muzaffer Şeker, on the other hand, hereinafter referred to as the "Parties", convinced that cooperation in the field of scientific research is one of the foundations of bilateral relations, and is the main element ensuring their stability and contributing to successful integration,

have agreed on the following basic principles of cooperation:

Article 1. General

This Memorandum regulates the conditions of bilateral cooperation in the field of scientific research, within which the Parties intend to continue working.

The Parties intend to carry out long-term and constructive cooperation in the field of scientific research on a mutually beneficial basis.

Article 2. Scientific research

The Parties note the importance of scientific research in the field of humanities. The Parties believe that it is necessary to use any favorable opportunities for the implementation of scientific activities at a high level both in the present and in the future. For this:

Тараптар ғылыми зерттеулердің арнайы басым бағыттарын айқындау мүмкіндігін қарастыратын болады.

Тараптар жас ғалымдарды өздерінің белсенді бірлескен жұмысына тартуға ерекше мән береді.

3-бап. Ынтымақтастық нысандары

Осы Меморандумның мақсатын іске асыру үшін Тараптар:

- ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыруға, Тараптардың кітапхана қорларын пайдалануға өзара көмек көрсету;
- жүргізіліп жатқан зерттеулер бойынша жарияланымдар мен материалдармен алмасуға ықпал ету;
- қажет болған жағдайда бірлескен семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру;
- бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүргізу;
- академиялық жұртшылықты екі ұйымның қызметі туралы хабардар ету;
- ғылыми және академиялық еңбектерді бірлесіп басып шығару бойынша жұмыс жүргізу.

4-бап. Меморандумды жүзеге асыру

Осы Меморандумның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін Тараптар онлайн немесе офлайн форматта байланысатын болады.

5-бап. Қорытынды шарттар

Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және үш жыл бойы қолданылады. Бұл меморандумды екі тараптың өзара келісімінсіз өзгертуге немесе толықтыруға болмайды. Барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жазылуы және тараптар қол қоюы тиіс.

Осы Меморандумды ұзарту үшін Тараптар Меморандумның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын бұл туралы бір-біріне жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Меморандум, сондай-ақ, екінші Тараптың ескертуімен, ол бұзылғанға дейін кемінде бір ай бұрын біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

The Parties will consider the possibility of identifying special priority areas of scientific research.

The Parties attach great importance to the involvement of young scientists in their active joint work.

Article 3. Forms of cooperation

To achieve the purpose of this Memorandum, the Parties intend to:

- provide mutual assistance in improving the skills of scientific personnel, using of library funds of the Parties;
- facilitate the exchange of publications and materials on ongoing research;
- organize joint seminars and conferences if necessary;
- carry out joint projects and programs;
- inform the academic community about the activities of both organizations;
- work on the joint publication of scientific and academic works.

Article 4. Implementation of the memorandum

To ensure the effective implementation of this memorandum, the Parties will contact in an online or offline format.

Article 5. Final conditions

This Memorandum comes into force from the moment of signing by each of the Parties and is valid for three years. This Memorandum cannot be amended or supplemented without the mutual consent of both Parties. All changes and additions must be stated in writing and signed by the Parties.

To extend this Memorandum, the Parties must notify each other in writing six months before the expiration of the Memorandum. The Memorandum may also be terminated unilaterally with a warning for the other Party at least one month before its termination.

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып, тараптар Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтайтын болады.

Алматы қаласында _____ 2023ж. қазақ және ағылшын тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды.

Түрік ғылым академиясы атынан


Шекер Музаффер
Президенті

Күні: _____

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» ЖАҚ атынан


Түймебаев Жансейіт Кансейітұлы
Басқарма Төрағасы – Ректор

Күні: _____

Cooperating within the framework of this Memorandum, the Parties will comply with the requirements of the current legislation of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Türkiye.

Compiled in Алматы on _____, 2023 in two original copies in Kazakh and English.

On behalf of the Turkish Academy of Sciences


Muzaffer Şeker
President

Date: _____

On behalf of the "Al-Farabi Kazakh National University" JSC


Zhansait Kanseluly Tymebaev
Chairman of the Board – Rector

Date: _____